**Кіріспе.** Қазіргі қоғамда ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар санаты жылдан жылға артып келеді. Халықаралық тәжірибеге сүйенетін болсақ, инклюзивті білім беру мәселесі әр елдің экономикалық даму деңгейіне қарай өзекті болып табылғанымен де көп жағдайда елдегі даму перспективаларына тереңірек үңілетін болсақ, әлсіз жақтары жиі көрініс беруде. Қоғамда элеуметтік бейімделу жағынан қиындыққа тап болған балалар да сапалы білім алуға толық құқылы. Инклюзивті білім беру қазіргі кезде элеуметтік тұрғыдан алғанда білім беру жүйесіндегі жаңа құбылыстардың

бірі. Оның өзектілігі – қалыпты жағдайдағы оқушылармен бірге ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар үшін қойылатын талап пен мақсаттың барлығына бірдей болуы. Яғни, инклюзивті білім беру саласында барлық кедергілерді жоя отырып, қалыпты оқу үрдістерін қалыптастыру, білім алушыларға психологиялық жайлы ахуал тудырып, ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін барынша мүмкіндік тудыру маңызды міндеттердің біріне айналды. Соңғы кезде әлемдік және қаржылық дағдарысқа қарамастан инклюзивті білім беруді қаржыландыру халықаралық деңгейде расталып отырған кезек күттірмес міндет болғандықтан ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін болашақта жақсы өмір сүруге ұмтылдырудың басты және қалыптастырушы саясаты саналып отыр. Сондықтан инклюзивті білім ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін кең мағынада алғанда өмір бойы білім алуды және қоғамның барлық салалары үшін тең білім алу мүмкіндіктерін жасау жетекші идеяға айналуы тиіс деп есептелді.

Әлемнің көптеген елдерінде инклюзивті білім беру мәселесі ауқымын кеңейту қажеттілігі бар заңдылық ретінде қарастырылып отыр. Инклюзивті білім беру шетелдерде 1960 жылдан бастау алып, 1990 жылдарда білім беру саясатына толық енгізілсе, біздің елімізде мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру ортасына бейімдеу мәселесі 2002 жылдан бастау алды. Инклюзивті білім берудің халықаралық тәжірибесінде АҚШ, Ұлыбритания, Дания, Испания, Финляндия, Германия, Италия, Австралия елдері алда келеді. Аталған елдерде мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік ортаға тез бейімделуі үшін тиісті психологиялық-педагогикалық жағдай жасалып, инклюзивті білім беру моделін қазіргі заманға сай құру басты міндет етіп қойылған.

Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасында инклюзивті білім беру ортасын қалыптастырудың халықаралық тәжірибесіне сүйене отырып, 2025 жылы инклюзивті ортамен қамту мектептерде 95%-ға, 2026 жылдан бастап 100 %-ға жеткізу ісі жоспарланған болатын. Қазіргі кезде инклюзивті білім беру бойынша мемлекеттік мектеп, колледж және жоғары оқу орындарында ерекше қажеттілігі бар білім алушыларды сапалы білім беру қызметтерімен қолжетімді қамтамасыз ету міндеті басты жолға қойылған. Еліміздегі инклюзивті білімнің дамуы ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларды жалпы білім беру жүйесіне тарту арқылы олардың кемшіліктерін шығармашылық әрекеттер мен жетістіктерге айналдыру, дамыту және болашақта қоғамға керек адам ретінде дұрыс көзқарасын қалыптастыру мақсаты жүзеге асырылуда. Дегенмен де республикамыздың барлық аймақтарында инклюзивті білім беруді өзекті мәселе ретінде жүзеге асыру жұмыстарында әлі де болса әдістемелік құралдардың тапшы екендігі байқалады. Сол себептен де Қазақстанда инклюзивті білім берудің барлық деңгейлеріне халықаралық тәжірибені негізге отырып, сапалы білім беру үдерістерін қалыптастыру, түрлі кедергілерді жою, ұлттық білім беру жүйесін дамыту, ерекше білім беру

қажеттілігі бар балалардың білім деңгейін көтеру басты міндеттердің бірі ретінде анықталады (<https://adilet.zankz/doc/P2400001143>).

**Әдеби шолу.** Батыс Еуропаның көптеген дамыған елдерінде инклюзивті білім беру ұғымы дамуында ерекшеліктері бар балаларға арналған интеграциялық бағыттағы білім беру түрі болып есептеледі. Қалыпты балалармен бірге жалпы білім беру процесіне қатысатын ерекше балаларға арнайы да қосымша жағдайлар жасалып, жеңілдік көмегі мен әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Әсіресе, инклюзивті білім беруді интеграциялау және оның модельдерін жүзеге асыру - қоғамдық және әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың басты қағидаты ретінде қарастырылуы керек. Ерекше білім беруді қажет ететін студенттер қалыпты жағдайдағы білім алушылармен бірге шығармашылық қабілетті сапалы меңгеруге және бәрімен теңдей тиімді білім алуға толық құқылы (Levshunova et al., 2017).

Батыс Еуропа елдерінен бастау алған инклюзивті білім беру мәселесі кең ауқымда зерттеліп, белгілі ғалымдардың еңбектерінде тұжырымдалып, инклюзивті қоғамды тұрақтандыратын арнайы әдістер сараланды. Атап айтқанда, белгілі ғалымдар Бет Ферри, Кристи Эшби, Тони Бут, Барбара Брокамб, Кари Нес және Мара Вестлинг Аллоди есімдері қазіргі кезде әлемге әйгілі болып отыр. Инклюзивті білім беруде мектептегі мәдениет пен климат және психологиялық ахуал ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін оқуға қолайлы, тиімді, денсаулығына зиян келтірмейтіндей ыңғайлы, гендерлік саясат пен сезімталдықты сақтайтындай жағдайда болуы тиіс (Fabio, 2017).

Инклюзивті білім беру процесіне қатысатын балаларға арнайы және қосымша жағдай жасау, оқытудың интеграциялық модельдерін жүзеге асыру, инклюзивті қоғамдық қатынастар жүйесінде ізгілік пен толеранттылықты орнатуға ықпал ететін адам құқықтарын қорғаудың әлеуетін іске асыру ерекше балаларға білім беру тұжырымдамасының басты нысандары болып табылады (Fuch et al., 2020).

Қазіргі кезде Қазақстанда көру қабілеті нашар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттармен қатар ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік мектепке қабылдауға шек қойылмайды. Инклюзивті білім беру тек қарапайым мектептерде ғана емес, мектеп-гимназияларға да қабылдау жүзеге асырылады. Қалыпты оқушыларға арналған бағдарламалармен көру қабілеті нашар оқушылар да білім алады. Дегенмен де денсаулығында күрделі ауытқуы бар оқушылармен жұмыс жасау ауырлық тигізетіндіктен мектеп мұғалімдеріне көп жауапкершілік жүктеледі. Елімізде әлі де болса инклюзивті білім беру саласынан әдістемелік материалдар мен қолдаудың жеткіліксіздігінен отандық ғалымдарымыз Х.С. Ералиева, Д.Д. Ешпанова, Д.С. Жакупова, А.К. Жалмұхамедова, З.А. Мовкеева, И.А. Оралкановалар халықаралық зерттеу тәжірибелерімен айналысып, интеграциялық білім берудің бағдарламаларын ұсынуда (Dorota Podgorska-Jachnik et al., 2020).

Әлемдік деңгейдегі инклюзивті білім берудің бағдарламаларын негізге

алатын болсақ, мысалы, Финляндиядағы ұлттық білім беру стандарты нақты контекстке бейімделген оқыту әдістеріне бағытталып, оқушылар мен студенттердің оқу процесінде әртүрлі жылдамдықтармен әрекет жасауын жоғары деңгейге дейін көтеру талабы қойылған. Швецияда ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттер үшін мемлекет тарапынан арнайы қаржы бөлініп, университеттерде барлық пәндер бойынша білім алушылардың инклюзивті ойлау негіздерін қалыптастыру міндеттелген. Норвегияда педагогикалық сала бойынша болашақ мұғалімдер Еуроодақ елдеріндегі инклюзивті білім беру бойынша арнайы курстардан өтіп, тәжірибе алмасады. Францияда инклюзивті білімді дамыту ісі болашақ педагогтер үшін университеттерде жүзеге асырылып, ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерді оқыту мемлекеттік ресурстық сүйемелдеу орталықтарымен қамтамасыз етілген және муниципалды деңгейде ұсынылған. Германияда инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар мен студенттердің қабілеттері мен табиғи таланттарына байланысты (Daniela, 2022).

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беру саласына робототехниканы енгізу ерекше қолға алынуда. Осы уақытқа дейін робототехника көбінесе техника ғылымдарымен ғана байланысты болып, білім беру робототехникасының нәтижелері STEM пәндеріндегі жетілдірілген білім объектісі арқылы ғана өлшеніп келді. Бертін келе робототехниканы білім берудің барлық салаларына, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған оқу процесіне енгізу жолға қойылды (Daniela and Lytras, 2019).

Инклюзия жүйесінде ерекше білім беруді қажет ететін студенттердің әлеуметтік көмекші роботтарды пайдалана отырып, олардың әлеуметтік байланыстарын қолдайтын және оқу процесінде ынтылдандыратын жағдайларды тудыруға болады. Ол үшін арнайы мамандардың робототехникалық сауаттылығының болуы маңызды. Өйткені роботтарды студенттермен таныстыру, олардың студенттердің қажеттілігін қамтамасыз етуі үшін қалай пайдалану керектігі көп еңбекті қажет ететін жұмыс. Сондықтан қазіргі кезде Эразмус бағдарламасы ARRoW (Assisting Relations Robotic Workfellow) әдісін арнайы сценарийлер арқылы SAR пайдалану бойынша роботтарды енгізу және аналитикалық әдістерді іске асырудың виртуалдық шындық (VR) технологиясын ұсынып, пайдалануда (Pliasa et al., 2022).

Қоғамның тіршілігін қамтамасыз ету мақсатында ұлттық құндылықтар кез келген халықтың тілі мен дінін, салты мен дәстүрін, мәдениетін мен әдебиетін келесі ұрпаққа жеткізу мақсатында жүргізіліп отыратын инновацияның антitezасы болып табылады. Адамзат қоғамының қалыптасуының өзі дәстүрмен тығыз байланысты. Дәстүрсіз ешқандай әлеуметтік жүйе өмір сүре алмайды. Дәстүр ұрпақтан ұрпаққа таралып отыратын әлеуметтік тәжірибе. Дәстүрлі құндылықтар арқылы біз қоғам мен адамзаттың дамуын жаңғырта аламыз (Baghdasaryan, 2024).

Қазақстандық ғалым Н. Камалова ұлттық құндылықты игерген әр адам өз ұлтының өкілі ретінде ұлттық саналылық пен мәдени танымды байқата

алатындығын айтады. Ұлттық дәстүрлі құндылықтарға қызығушылық танытқан жағдайда ұлттық мәдениет сақталып, мәдени ұстанымға айналады және сұранысқа ие болады. Жеке тұлғадан бастап мәдени ұстанымға айналған ұлттық мәдени құндылықтардың ауқымы кеңейіп, әлемдік дүниетанымдық сипатқа ие болады және ұлттық дәстүрлер сабақтастық тауып, елдік бейне сақталады. Жаңа әдіс-тәсілдер қолданылып өңделген музыкалық туындылар қазіргі жағдайда үлкен сұранысқа ие болып, мәдени мұраға айналады (Kamalova, 2019).

Құндылық қасиеттер дегеніміз – жеке адамның тәжірибесінде құндылық көріністер жүйесінің пайда болуы, қажеттіліктерді ұғынуы мен өмір сүру барысында пайдалы жүзеге асыруы болып табылады. Құндылық адамның қажеттілігі, ол адамға материалдық және рухани жағынан ерекше күш береді. Рухани құндылық адамға ұлттық, саяси, эстетикалық және философиялық мазмұнды құрай отырып, жеке адамға рухани бағыт-бағдар береді, адамдар арасында өркениетті байланыс құндылығын оятады. Ұлттық құндылықтар негізінде адамдардың алға басуында ілгерілеу пайда болып, өз тілі мен дәстүріне, мәдениетіне деген қызығушылық және елжандылық сезімі пайда болады (Amirova, 2013). М.П. Оспанбаева ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар қалыпты студенттер арасында өз алдына бөлек командалық қызмет атқарады, себебі, қалыпты студенттерге берілетін тапсырма түрлері сабақтың тақырыбы мен мақсатына сай күрделі мазмұнда болатындығын ерекше атап өтеді (Ospanbaeva, 2019). Ұлттық құндылықтар өзіндік тарихи ерекшелігі бар, әр ұлттың санасы мен саяси дүниетанымын білдіретін, қандай да бір этностық қауымдастық өкілдерінің рухани дамуына әсер ететін идеалдар құрамы. Ұлттық құндылықтар адамның этикалық мінезіне әсер ете отырып, оның күнделікті өмірінде бағыт бағдары қызметін атқарады және адамның қоғамдық өмір саласында белгілі бір қасиеттерге ұмтылуын көрсетеді. Философия тарихында құндылық ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұралар, табиғи және қоғамдық өмірдегі эстетикалық қасиеттер деп бағаланады (Boletova, 2019).

Қазіргі жастардың арасында санадағы құндылық ұғымы жойылып бара жатыр. Құндылықтар адам өмірінің мәніне, қоғамдағы ойлауы мен мақсатқа жету жолдарын бағалауына, қоғам үшін ең маңызды әдет-ғұрыптарды игеріп, өз мүддесіне пайдалана білуіне бағыт береді. Адам рухани әлемді құндылықтар арқылы бағалайды. Ал жастар санасы үшін құндылық дегеніміз оларды жаңа заман талабына сай өмір сүруге тәрбиелей отырып, шынайы өмірдің құндылығын түсіне білуге, өз қажетіне қарай дұрыс пайдалана білуге тәрбиелеу (Abdukaimov and Baikabilov, 2022). Адамзат құндылығы қоғамда ең жоғары бағаланатын құндылық түрі болып табылады. Кейбір жағдайларда адамның жеке тұлғалық құндылығын жоғалтуы да қоғамда болып жатқан әлеуметтік теңсіздіктермен шектеліп қалады. Сондықтан заман талабына сай ең алдымен адам құндылығын сақтау ұлттық құндылықтарды сақтаудың бастамасы екендігін естен шығармағанымыз жөн (Guzeva, 2015).

Н.А. Тойбазарова оқытудың интербелсенді формаларын білім берудің қай саласы болса да тиімді пайдалану білім алушылардың оқу процесінде белсенділіктерін көтеріп, ұжыммен орындалатын жұмыстарды онтайлы орындауға, команда үшін жауап беруге әрдайым дайын болу оларды дербестікке, жауапкершілікке, өзара әрекеттесуіне бағытталатынын атап өткен болатын (Тоубазарова, 2019). Заман ағымының өзгеруіне қарай инклюзивті білім беру тұжырымдамасы философия мен жалпы педагогика және психологияның заңдары мен қағидаларына сүйенген. Бұл қағидалар негізінде инклюзивті білім беру бойынша баланың адами құндылығы оның қабілеті мен жетістігінде ғана емес, ерекшелігінде екеніне баса көңіл бөлінді. Ерекше бала қалыпты оқушы сияқты сезінуге және ойлауға қабілетті, сонымен қатар бірге оқитын білім алушылармен дұрыс қарым-қатынас жасауға, сөйлесуге, тыңдалуға құқылы. Себебі, шынайы тәрбие нақты, достық қатынастар жағдайында сапалы жүзеге асады. Мұндай қатынастарды білім алушылар арасында орнату ұлттық тәрбие негізінде жүзеге асырылады. Көру қабілеті бұзылған білім алушылар айналасындағы адамдардың қамқорлығы мен мейіріміне, достығы мен қолдауына өте мұқтаж. Бұл мұқтаждық инклюзивті білім беру жағдайында оқумен ғана шектеліп қоймайды, ұлттық тәрбиеге негізделген құндылықтар арқылы жүзеге асырылады. Ұлттық құндылықтардың ұрпақ тәрбиесінде алатын орны ерекше. Сан ғасырлар бойы сұрыпталып, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды инклюзивті білім берудің оқу-тәрбие процесіне енгізу ісі де басты назарда болып отыр.

**Материалдар мен негізгі әдістер.** Көру қабілеті бұзылған студенттерді қазақтың лирикалық әндері арқылы ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу тек тәрбие үрдісі емес, жалпы оқу-тәрбие үрдісінде жүзеге асырылатын күрделі іс болып саналады. Ол үшін білім алушылардың қызығушылық деңгейлеріне қарап, ұлттық құндылықтарға негіз болып табылатын материалдар мен әдістер, көптеген тәжірибелі ұстаздардың мұндай студенттерге материалды меңгерудің өзіндік тәсілдері мен қарқыны зерттеу барысында негізге алынды. Ресей елінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған арнайы музыкалық мектеп, колледж және академия бар. Ресей мұғалімдері көру қабілеті бұзылған студенттермен жұмыс жасау барысында виртуалды нөлден бастап жұмыс істеу тәсілдерін ойлап табуға мәжбүр болады. Себебі, әлі күнге дейін көру қабілеті бұзылған студенттерге музыкалық білім беру бағыты бойынша арнайы оқу құралдары мен бағдарламалар жоқтың қасы. Ресейде көру қабілеті бұзылған студенттерге арналған «Брайл музыкалық жүйесі» енгізілген. Осы Брайл жүйесі бойынша педагогтер Брайл қарпін зерттеп, оқу құралдарын өздері жазған. Көру қабілеті бұзылған студенттердің басқалардан ерекшелетіні олар сөйлегенде қалыпты жағдайдан қаттырақ сөйлейді және педагог тарапынан ерекше ықылас күтеді. Ерекше білім беруді қажет ететін студенттерді оқыту барысында назарда ұстайтын басты мақсат – оларға деген дұрыс көзқарасты, сенімді қарым-қатынасты және адами құндылықты сақтау.

Біз өзіміздің мақаламызда көру қабілеті бұзылған білім алушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру мақсатында қазақтың лирикалық әндерін пайдаланғандық. Қазақтың лирикалық әндерінде өткен дәуірдің тарихы мен толғанысы, халықтың мақсаты мен мұраты, шежіресі, ұлттық сана-сезімінің көрінісі жатыр. Ұлттық құндылықтың бастауы бесік жыры әлдиінен басталып, қазіргі қоғамның заманауи көрінісімен ұштасады. Қазақтың лирикалық әндері арқылы ерекше жағдайдағы білім алушылар олардың көркемдік ерекшеліктерімен танысады, ұлттық сипатын түсінеді және ұлттық құндылық ережелерін бойына сіңіреді. Ұлттық құндылықтар негізінде көру қабілеті бұзылған студенттердің қазақтың лирикалық әндері туралы таным-түсінігін кеңейтудің мәні зор. Лирикалық әндер ежелгі заманнан келе жатқан ұлттық құндылықтарымыздың бірі. Адам жанын ерекше нәзіктігімен, астарлы ойымен, жан-күйді толғандырар әсерлілігімен баурап алатын лирикалық әндер ерекше білім беруді қажет ететін студенттер үшін философиялық ойы бар тәрбие құралы. Әр лирикалық әннің өзіндік тарихи шығу тегі бар. Қазақтың лирикалық әндері халық ауыз әдебиетінде ең байырғы салт түрлеріне, әдет-ғұрыпқа байланысты туған өлең жырлар. Талантты лириктің өлеңдерінде тыңдаушының сана-сезімін түгел баурап, көңіл-күйін тербететін, бірде қуантса, бірде мұңайтатын, кейде ерекше бір қияли сезімге жетелейтін сиқырлы сезім бар.

Зерттеу эксперименті Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде 2023-2025 жылдар аралығында өткізілді. Көру қабілеті бұзылған білім алушыларды қазақтың лирикалық әндері арқылы ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу эксперименті үш кезеңде өтті. Экспериментке 6В01403- Музыка мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша көру қабілеті бұзылған 16 білім алушы қатысты. Бірінші кезең оқу жоспарына сай екінші курста өтілетін «Вокалды-дирижерлық жұмыс» пәні негізінде жүзеге асырылды. Аталған пән арқылы көру қабілеті бұзылған студенттерге төмендегідей тапсырмалар берілді:

- халық әндерін нақышына келтіріп орындау;
- өзінің ән айту шеберлігін жетілдіру;
- өз халқының ән өнерін түсіне білу;
- музыкалық шығармалармен жұмыс жасауда көркемдеуші құралдарды пайдалану;
- халық әндерін мәнерлі де әсерлі орындау.

Осы тапсырмалар арқылы студенттер алдымен халық әндерінің түрлері мен вокалды-дирижерлық жұмыстың материалдарын жетік меңгеруге дағдыланды. Халық әндерінің орындаушылық ерекшеліктерін ажырата білуге үйренді. Көру қабілеті бұзылған студенттер айналадағы дүниені көрмесе де жанымен сезіне алады, лирикалық әндерді тыңдай отырып, оның сипаты мен сынын, нәзіктігін түсіне алады. Ерекше білім беруді қажет ететін студенттердің арасында туғаннан жарық дүниені көрмей, өмірге келгендері де бар. Мұндай

студенттер қоршаған ортаның сыры мен сиқырын ән мен әңгімелер, ертегілер арқылы көз алдына елестете отырып, ойша бейнелей алады.

Екінші кезең үшінші курстан басталатын «Вокалдық шеберлік» пәні арқылы жүргізілді. Дәріс сабақтарында студенттер лекцияны аудиожазба арқылы тыңдай отырып, вокалдық шеберліктің қыры мен сырын, әнді орындаудағы вокалдық шеберліктің дағдыларын, вокал өнерінің пайда болу бағыттары мен қазіргі даму тенденцияларын, сонымен қатар қазақтың лирикалық әндерін салыстырмалы түрде көркемдік талдауды меңгере білді. Атап айтқанда:

- лирикалық әннің астарлы ойға құрылу мағынасын терең меңгерді, әсіресе, «Бесік жырын» нәресте кезінен бастап тыңдап өскен бала бойында дәстүрге деген құрмет пен елжандылық сезімі басым болады. «Бесік жыры» әнінің мазмұны кейде ашық айқын болса, кейде астарлы ойға құрылады.

- ән арқылы табиғаттың тылсым сырының нәзіктігін түсіне білді, Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнін алатын болсақ, таза табиғаттың тылсым сыры лирикалық нәзіктікпен шебер жеткізілген. Осы әнді тыңдай отырып, тау бөктерінде орналасқан түнгі шағын ауылдың табиғатпен байланысты сырласқан көркем бейнесін көз алдымызға елестетуге болады.

- құрылысы қарапайым лирикалық әннің табиғаттың көркем көрінісі арқылы сүйген жанның ішкі толғанысын білдіретін жәй-күйін анықтады, «Япур-ай» әніндегі көркем сөздер табиғат аясынан шығып, ғашық жанның жан-күйін білдіретін, лирикалық мазмұнға бай ән болып табылады.

- халықтың көшпелі тұрмысына, көркем ойлау жүйесіне әсер етіп, дәстүр мен әдептен озбауды үйрететін әндер топтамасының мәнін сипаттады, қазақтың лирикалық әндерінің ішінде ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін, нағыз халық туындысы екенін білдіретін «Сусамыр – елдің жайлауы» әнін ерекше атауға болады. Бұл әннің сөздерінде жастарды халықтың тәлім-тәрбиесіне жетелейтін ұлттық құндылығы бар ұғымдар жатқанын аңғаруға болады.

- халықтың тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін әннің сипаты мен мазмұнын түсіндіре білді, ғасырлар қойнауынан біздің дәуірімізге дейін қазақ халқының белгілі тарихи кезеңін бейнелейтін әндердің бірі – «Қоғалы-ай» әні осы кезеңге дейін құнды тәрбие құралы ретінде жетіп отыр.

Көру қабілеті бұзылған студенттерді ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде қолданылған лирикалық әндер топтамасына 1-ші кестеде көрсетілгендей талдау жасалды.

Кесте 1— Көру қабілеті бұзылған студенттерді ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде қолданылған лирикалық әндер

№	Әннің атауы	Сипаты	Ұлттық құндылығы	Тәрбиелік мәні	Лирикалық мәні
1	Елім-ай	мұнды, сазды	Отан, ел, жерге деген жанашырлық сезім	елжандылық	қайғылы
2	Бесік жыры	сазды	дәстүрге деген құрмет, елжандылық	құрметтеу	нәзік

3	Желсіз түнде жарық ай	сазды	ауыл табиғатына деген сүйіспеншілік	сүйіспеншілік	сырлы нәзік
4	Япур-ай	сазды	табиғатқа деген ішкі толғаныс сезімі	елжандылық махаббат	ішкі толғаныс пен махаббат сезімі
5	Сусамыр – елдің жайлауы	сазды	дәстүр мен әдет-ғұрыпқа және халықтың өткен тарихына деген тағзым	тағзым	туған жерге деген сезім
6	Қоғалы-ай	сазды	халқымыздың өткен тұрмыс-тіршілігіне деген құрмет сезім	елжандылық	елжандылық сезім

Көру қабілеті бұзылған студенттерді лирикалық әндермен таныстырғанда алдымен құйма құлақ әдісі пайдаланылды. Сабақтың бастапқы бөлімінде жасанды интеллекттің көмегімен проектордан «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңіндегі қазақ халқының қасіретті жағдайына шолу жасалып, сол кезеңде пайда болған «Елім-ай» әнінің Отаны, елі, жері үшін жүрегі дүрсілдеген халықтың тарих беттеріндегі бейнесін суреттейтінін білім алушылар тыңдай отырып, әннің сипатын, лирикалық мәнділігін ажырата білді. Оларға сабақ қызықты өту үшін «Бесік жыры» әнін тыңдатпас бұрын, қолдарына арнайы рельефті көрнекі құрал түрі - ойыншық бесікті сипап-сезу әдісі арқылы таныстырып, осы ойыншыққа байланысты қазақта қандай ән бар екендігін анықтау үшін миға шабуыл әдісі қолданылды. Әрине, кішкентайынан бесік жырының әуенімен ұйықтаған балаға бұл ән өте ыстық. «Бесік жыры» әні тыңдалғаннан кейін студенттер оның салт-дәстүрге байланысты пайда болған, елжандылық мазмұнда екендігін айқындады. Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнін тыңдатпас бұрын студенттерге жел, жарық, ай, түн, сәуле, су, ауыл, сай, өзен сөздерін ұялы телефондарына аудиожазба арқылы жазып, осы сөздер қазақтың қандай лирикалық әнінде кездесетіндігі туралы тапсырма берілді. Көру қабілеті бұзылған білім алушылар жаңалыққа жандары құмар, сабақтың қызықты өтуі кезінде үлкен белсенділік танытады. Сонымен қатар студенттерге осы әнге байланысты танымдық өрісін кеңейту мақсатында релаксациялық әдіс қолданылды. Жел болса, ағаштар қалай қозғалады, айдың формасы дөңгелек, олай болса, ауада қолдарымызбен айдың бейнесін салайық, өзенде су толқыны қалай толқиды, желдің самалын өз бетімізде қалай сезінуге болады деген тапсырмалар студенттердің қызығушылығын тудырып, белсенділігін арттырды. Ән тыңдалған соң студенттерге оның қандай лирикалық мәні мен ұлттық құндылыққа негізделген маңыздылығы бар екендігі жөнінде аудиторлық басымдық әдісі қолданылды. Қазақ тарихында көркемдік мәдени дәстүрге негізделген, халқымыздың рухани дүниесін көтеретін, ұрпағымызды ұлттық құндылықтарға тәрбиелейтін лирикалық шығармалар мазмұны сан қилы. Атап айтатын болсақ, «Қарағым-ау», «Сәулем-ай», «Дедімай-ау» әсем әуен қозғалыстарымен көмкеріліп, әнге ерекше көрік беріп тұрғандай. Вокалдық шеберлік пәнінде практикалық

сабақтың бағдарламалық көлеміне қарай қазақтың көптеген лирикалық әндеріне жалпы шолу жасалып, тифлопедагогикалық және тактильді сезімді дамыту әдістері жүзеге асырылып, ұлттық құндылық мәніне қысқаша сипаттама берілді.

Үшінші кезеңде көру қабілеті бұзылған студенттердің лирикалық әндер туралы түсініктеріне талдау жасалды, яғни, білім алушылардың алғашқыда өздері ақпарат алған лирикалық әндер туралы түсінігі жоғары балды құраса, заманауи лирикалық әндер мен қандай лирикалық әндерді жақсы көретіндігі туралы сауалнамаға берген жауабы төменгі көрсеткішті құрады. Білім алушылар патриоттық бағыттағы қазақ әндерін білгенімен де лирикалық әндердің патриоттық мазмұнда айтылатынын, соның ішінде ұлттық құндылықтың маңызы бар екендігіне аса мән бермеген. 2-кестеде көру қабілеті бұзылған студенттердің патриоттық әндерге байланысты салыстырмалы түрде құрастырылған сауалнама сұрақтары мен балдық көрсеткіші (алғашқы және соңғы) пайызбен берілді. Берілген сұрақтардың мазмұны да сабақта өтілген материалдың негізінде жасалды. Сауалнама сұрақтары аудиожазба бойынша берілді.

Кесте 2 — Көру қабілеті бұзылған студенттерге патриоттық әндерге байланысты берілген сауалнама көрсеткіші

№	Сұрақтар мазмұны	Алғашқы көрсеткіш			Соңғы көрсеткіш		
		төмен	орта	жоғары	төмен	орта	жоғары
1	Патриоттық ән дегеніміз не?	73%	18%	9%	5%	15%	80%
2	Қандай патриоттық әндерді білесің?	61%	23%	16%	9%	17%	72%
3	Қандай патриоттық әндер ұлттық құндылықтарға тәрбиелейді?	68%	15%	17%	7%	14%	79%
4	Патриоттық тақырыпта ән жазған қандай қазақ композиторларын білесің?	74%	16%	10%	6%	13%	81%
5	Басқа музыкалық стильдегі әндер ұлттық құндылыққа тәрбиелей ала ма?	75%	19%	6%	4%	16%	80%
6	Патриоттық сезім дегенді қалай түсінесің?	62%	21%	17%	5%	25%	70%
7	Өзінді патриот адаммын деп есептей аласың ба?	59%	25%	16%	8%	14%	78%

Кесте 2-ші кестеде көрсетілгендей көру қабілеті бұзылған студенттердің патриоттық әндер туралы түсініктерінің деңгейі алғашқы көрсеткіште төменгі дәрежеге ие болды. 1-6 сыныптардағы музыка оқулығы бойынша мектеп бағдарламасына талдау жасалғанда лирикалық тақырыптағы әндердің аз екендігі анықталды. Жүргізілген зерттеу жұмыстары мен сауалнамалардың негізінде көру қабілеті бұзылған білім алушыларда патриоттық тақырыптағы

әндер ғана ұлттық құндылыққа негізделген деген түсінік деңгейіне дұрыс бағыт-бағдар беріліп, соңғы көрсеткіште жоғары деңгейге көтерілді. Олардың түсінігінше «патриот» деген сөз Отан қорғау деген түсіністікпен шектеліп қалмауы керек. Қазір патриоттық әндерге қарағанда лирикалық әндердің саны көп. Лирикалық әндерді көпшілік қауым достық, табиғат, махаббат, ауыл тақырыбында жазылған, көбіне лирикалық сезім басым деп қабылдайды. Қазақтың лирикалық әндер топтамасын талдап, саралай келгенде «Бесік жырынан» басталатын лирикалық әндердің көпшілігі Отан, ел, туған жер, табиғат, достық, ауыл, махаббат сезімдері желісіне құрылғандығы анықталды. Ұлттық құндылықтарымыздың бастауы Отан мен туған жерге, табиғатқа, отбасы мен досқа деген махаббат сезімінен тұратындығын естен шығармаған жөн. Сондықтан лирикалық әндердің көру қабілеті бұзылған студенттерді ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде өзіндік ерекшелігі мен мәні бар.

**Нәтижелер.** Көру қабілеті бұзылған студенттердің қазақтың лирикалық әндерін қаншалықты дәрежеде білетіндігін анықтау мақсатында «Япур-ай», «Сусамыр – елдің жайлауы», «Қоғалы-ай» әндерінің сөздері аудиожазба мен фонограмма арқылы жазылды. Мысалы, «Япур-ай» әнінен «Жаз болса жарқыраған көлдің беті-ай ау, Көгеріп көрінеді япурай алыс шеті-ау» деп үзінді берілсе, «Сусамыр – елдің жайлауы» әнінен «Айналайын, қарағым, хал жақсы ма, Сала берме көзінді әр жақсыға», «Қоғалы-ай» әнінен «Шөбі жұмсақ, шаруа, шөбі күйгін, ахау, Бағланына мыңғырған жер жетпейді» өлең жолдары беріліп, ән қалай аталады, осы берілген өлең жолдарында ұлттық құндылыққа негізделген қандай мән-мағына жатқандығын анықтау тапсырылды. Жоғарыда 1-кестеде көрсетілген лирикалық әндер топтамасы бойынша әр әннің ұлттық құндылыққа негізделген бағыттары талданып, анықталды.

Көру қабілеті бұзылған студенттерді саралап оқыту тәсілі негізінде олардың бейімі мен қабілетіне, білім деңгейіне қарай жіктей отырып, командалық жарыс кезінде алма-кезек ауыстыру тәсілімен қызықтыру олардың жан-жақты дамуына, ғылым мен техниканың жаңа әдістерін меңгеруге, сондай-ақ өз мамандығына деген кәсіби құзыреттілігін арттыруға деген мақсатын көздейді. Көру қабілеті бұзылған студенттер жаратылысынан айналадағы дүниені көрмесе де жанымен сезетін ерекше жандар. Олардың бойында құндылық қасиеттер басым келеді. Айналасындағы адамдар тарапынан жақсы лебіз естісе, көмек қолын созса, өздері тарапынан да сол адамға қолынан келгенше жақсылық жасағанды, өзінің пайдалы екендігін білдіргісі келеді. Музыка мамандығында оқитын ерекше білім беруді қажет ететін студенттер шығармашыл, музыкалық қабылдауы жоғары, жандары нәзік, өздерінің ішкі толғанысын сөз бен музыка арқылы жеткізуге құмар болып келеді. Жаңалыққа жандары құмар ерекше студенттерді ұлттық құндылыққа тәрбиелеуде тек лирикалық әндер ғана емес, халқымыздың ұлттық құндылыққа негізделген барлық асыл мұраларын пайдалансақ та артық болмас еді. Музыка мамандығы бойынша көру қабілеті бұзылған

студенттер үшін әдістемелік құралдар мен оқулықтар өте тапшы. Сондықтан музыка саласында қызмет атқаратын педагогтер ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен студенттер үшін оқу процесін жандандыру мақсатында қолдарынан келгенше барлық мүмкіндіктерді пайдалануда.

Қазіргі кезде құндылыққа бағдарланған оқыту жеке тұлғаның кәсіби бағдарын дамытып қана қоймай, болашақ мамандығына негізделген кәсіби құзыреттілігін арттыруға да зор ықпал етеді. Ұлттық құндылықтардың адами құндылықтарымен байланысты жақтары 1-ші суретте көрсетілген.



Сурет 1 — Ұлттық құндылықтар мен адами құндылықтың байланыстылығы

Көру қабілеті бұзылған білім алушыларды қазақтың лирикалық әндері арқылы ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде оқытудың интерактивті формаларын кеңінен пайдалану олардың өзара әрекеттесуіне бағытталып, тапсырмалардың дұрыс шешімдерін тауып, талдау барысында мәселелерді оңтайлы жүзеге асыруға жағдай жасайды. Іскерлік ойындарды пайдалану арқылы топта ынтымақтастық орнату, ұжымда жұмыс жасай білуге үйрету, команда үшін жауап беруге дайын болу студенттерді дербестікке, жауапкершілікке үйретеді. Ерекше білім беруді қажет ететін студенттерді ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде қазақтың лирикалық әндерінің ерекшеліктері төмендегідей айқындалды:

- лирикалық әндердің көркемдік келбеті;
- лирикалық әндердің әуездік құрылысы;
- терең сүйіспеншілік сезімге негізделуі;
- мазмұнының ашықтығы мен айқындығы;
- әсем де сырлы әуені;
- адамның ішкі жан-күйі мен толғанысын білдіруі;
- өлең жолдарының тарихи мазмұнмен байланыстылығы;
- халықтық тәлім-тәрбиеге негізделуі;
- ән құрылысының ықшамдылығы мен ой тиянақтылығы;

- идеялық-эмоциялық мазмұнының кеңдігі;
- табиғат сұлулығының шебер суреттелуі;
- поэтикалық мазмұнының музыкалық әуенмен тамаша үйлесімділігі;
- интонациялық ерекшелігі мен мәнерлік қасиеті;
- дидактикалық маңыздылығы мен өмірлік мәнділігі.

**Талқылау.** Инклюзивті білім берудің мақсаты бойынша көру қабілеті бұзылған білім алушылар қалыпты студенттер арасында білім алуға толық құқылы. Сабақты жоспарлау барысында білім алушылардың мүмкіндіктері мен бейіміне, талаптарына сай берілетін тапсырмаларды алдын-ала іріктеп алынды. Практикалық сабақтарда білім алушылар оқу мақсатына сай командалық және жеке тапсырмаларды орындап, білім алушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында жасанды интеллектті пайдалану да іске асырылды. Жасанды интеллектті «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңінде Отан басына қайғылы күн туған аса қайғылы сәтті бейнелеуде пайдаландық. Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін Үш жүздің бір-бірінен алшақтауы Қазақ хандығы үшін ең ауыр заман болды. Сол кезде қазақ халқының ұлт ретінде жойылып кете жаздағаны туралы да ақпарат қамтылды. Жоңғарлардың қазақ даласына басып кіріп, мындаған адамды қырып, тірі қалғандары жан-жаққа босып, аштықтан қырылды. Халқымыздың басынан кешірген қайғылы оқиға білім алушыларға ерекше әсер етіп, сабақта «Елім-ай» әні тыңдалып, әннің тарихи мәні мен келешек ұрпаққа ұлттық құндылық ретінде мұра болып қалатын ерекшеліктеріне баса көңіл бөлінді.

Көру қабілеті бұзылған білім алушыларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде қазақтың лирикалық әндерінің ерекшеліктері айқындалып, ұлттық құндылықтар жүйесін анықтауға мүмкіндік беретін сауалнама дайындалды. Сауалнама барысы аудиожазба арқылы беріліп, білім алушылардың жауабы ауызша қабылданды. Білім алушылар қазақтың лирикалық мазмұндағы әндерін қаншалықты біледі, оның қандай ұлттық құндылық бағытында мәні бар, қазіргі заманғы ұрпақ үшін лирикалық әндердің маңыздылығы бар ма, білім алушылардың болашақта кәсіби өсуіне ұлттық құндылықтың тигізер қандай әсері бағытындағы сұрақтар қамтылды. 3-ші кестеде көру қабілеті бұзылған студенттердің сауалнамаға жауап беру деңгейлерінің алғашқы және соңғы көрсеткіштері берілген.

Кесте 3 — Көру қабілеті бұзылған студенттерді лирикалық әндер арқылы ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде өткізілген сауалнама көрсеткіші

№	Сұрақтар мазмұны	Көрсеткіштер деңгейі					
		Алғашқы көрсеткіш			Соңғы көрсеткіш		
		төмен	орта	жоғары	төмен	орта	жоғары
1	Лирикалық ән дегеніміз не?	63%	35%	12%	7%	15%	78%
2	Қандай лирикалық әндерді білесің?	59%	26%	15%	5%	12%	83%
3	Ұлттық құндылыққа қандай қасиеттерді жатқызуға болады?	67%	25%	13%	9%	13%	78%

4	Біз тындаған лирикалық әндердің қандай ұлттық құндылығы бар?	73%	17%	10%	6%	17%	77%
5	Қандай заманауи лирикалық әндерді білесің?	61%	15%	14%	8%	11%	81%
6	Қандай тарихи лирикалық әндер бар?	69%	17%	14%	10%	18%	72%
7	Өзің қандай лирикалық әнді жақсы көресің?	65%	18%	17%	4%	19%	77%
8	Қандай лирикалық ән айтқанды жақсы көресің?	71%	16%	13%	7%	12%	81%
9	Қандай лирик композиторларды білесің?	79%	14%	9%	9%	11%	82%
10	Қандай лирикалық әндер халықтық болып саналады?	75%	19%	6%	6%	10%	84%

Сауалнамадағы алғашқы көрсеткіште студенттердің лирикалық әндердегі ұлттық құндылықтар туралы ұғымдарының жауабы төмен, орта деңгейге қарағанда жоғары көрсеткіште болса, соңғы көрсеткіште берген жауаптары төменірек көрсеткіште болды. Атап айтқанда, «Қандай лирикалық әндерді білесің?» деген сұраққа алғашқы көрсеткіште студенттер жауабы жоғары деңгейде 15% пайызды құраса, соңғы көрсеткіштегі жоғары деңгейде 83% пайызды құрады. 3-ші кестеде берілген сауалнама сұрақтарын жеке талдап, қарастыратын болсақ, алғашқы көрсеткіште берілген жоғары деңгейдегі пайыздың соңғы деңгейдегі көрсеткіште әжептәуір өскенін байқауға болады. Зерттеу барысында көру қабілеті бұзылған білім алушыларды лирикалық әндер арқылы ұлттық құндылықтарға тәрбиелеудің ерекшеліктері айқындалып, маңызына мән берілді және қолданылған әдіс-тәсілдер арқылы расталды. Жасалған жұмыстың нәтижесінде басқа ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, көру қабілеті бұзылған студенттерді қазақтың лирикалық әндері арқылы ұлттық құндылықтарға тәрбиелеудің көптеген артықшылықтары айқындалды. Атап айтқанда, біріншіден, қазақтың лирикалық әндері – ұлттық болмысымызды дәріптейтін рухани мұра, екіншіден, қазақ халқының тарихы мен руханиятын, өткені мен бүгінін және болашағын, ішкі жандүниесін бейнелейтін тарихи шежіре, үшіншіден, ұлттық құндылығымызды жаңғыртушы тамаша тәрбие құралы, төртіншіден, ұлттық болмысымызды ұрпақтан ұрпаққа жалғастырушы қымбат қазына, бесіншіден, рухы биік, әлем мәдениетімен бәсекеге түсуге қабілетті тарихи танымның бір түрі.

**Қорытынды.** Көру қабілеті бұзылған білім алушыларды қазақтың лирикалық әндері арқылы ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу қазіргі заман талабынан туындап отырған маңызды міндеттердің бірі. Лирикалық әндердің өзінің тарихи сарыны мен сазы бар. Зерттеу нәтижесінде музыка мамандығында оқитын көру қабілеті бұзылған білім алушылар үшін қазақтың лирикалық әндерінің ұлттық тәрбие беруде негізгі факторлардың бірі болып табылатындығы дәлелденді. Қазақтың лирикалық әндерін жоғары мектеп бағдарламасына жүйелі түрде енгізу инклюзивті білім беру сапасын

арттырудың және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген болашақ ұрпақты даярлаудың басты кепілі болып табылады. Ұлттық құндылық қасиеттерін бойына жинаған, халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтаған, өзіне сенімді, өзін-өзі рухани дамытуға қабілетті, зияткерлік мәдениеті мен өзіндік таланты бар талапты жас қай қоғам үшін де қажет.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері барысында көру қабілеті бұзылған білім алушыларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде қазақтың лирикалық әндерінің маңыздылығы айқындалды. Лирикалық әндерді талдау, саралау, зерттеу жүргізу кезінде көру қабілеті бұзылған білім алушылардың қызығушылықтары мен белсенділіктері артып, берілген тапсырмаларды орындау барысында шығармашылық және ізденімпаздық қабілеттерінің қалыптасуына оң ықпалын тигізді. Ұлттық тәрбиеге негізделген лирикалық әндерді пайдалану барысында көру қабілеті бұзылған білім алушылардың цифрлық сауаттылығымен қатар жобалық және зерттеу қабілеттері деңгейлерінің де айтарлықтай артқаны дәлелденді.

Көру қабілеті бұзылған білім алушылар қауымы айналадағы заттарды көрмесе де өздерінің ішкі сезімдері арқылы дербес болуды, рухани тұрақтылығын сақтауды, қоғамға пайда келтіруді көздейді. Эксперимент нәтижесінде ерекше білім беруді қажет ететін студенттердің қалыпты білім алушылармен бірге ізденіп, дүниетанымын кеңейтуге, ұлттық құндылық қасиеттерін игеруге және өзінің білім сапасын көтеруге талпыныс жасай алатындығы анықталды. Зерттеу барысында ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерді ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде қолданылған лирикалық әндерді тек жоғары оқу орындарында ғана емес, арнайы мамандандырылған мектеп бағдарламасында қолдану мүмкіндігі де дәлелденді. Осы мақсатқа сай жүргізілген зерттеу нәтижелерін болашақта ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған мекемелерде кеңінен қолдануға болады.

### References

Abdukaimov A., Baikabilov U. Kazak jastaryn adamgershilik kundylyktar netgizinde tarbieley [Educating Kazakh youth on the basis of moral values]. Scientific progress. — T. 3. — №5. — P. 230-237. (in Kazakh)

Amirova B.A. (2013) Etnikalık nanym-senim: teoriya jane tactica: [Ethnic prejudices: theory and tactics]. Karaganda, "AKNUR" baspacy, b. 126-127. (in Kazakh)

Bagdasaryan V.E. (2024) Traditsionnyye tsennosti kak osnova postroyeniya novogo mirovozzreniya v Rossii [Traditional Values as the Basis for the New Worldview Construction in Russia.]. Yaroslav!: Shukayeva sem-ya. — P. 41-45 (in Russian)

Boletova R.A. (2019) Ultyk kundylyktar arkyly damytu bilim beru juiesin jetildiru factory retindt [Development through national values as a factor in improving the education system.] Qazaqtany. — №4. — P. 278-281. (in Kazakh)

Daniela Linda. (2022) Inclusive Digital Education. Springer Cham. University of Latvia, Riga, Latvia. — P. 25-30. [https://www.researchgate.net/publication/360977828\\_Inclusive\\_Digital\\_Education](https://www.researchgate.net/publication/360977828_Inclusive_Digital_Education) (in English)

Daniela L., Lytras M.D. (2019) Educational Robotics for Inclusive Education. Springer. University of Latvia, Riga, Latvia. <https://doi.org/10.1007/s10758-018-9397-5> (in English)

Dorota Podgorskaya-Yakhnik, Gabdrakhmanova Sh.T., Arystangaliyeva, V.T., Panishcheva, O.A.

(2020) Inylusivti bilim beru [Inclusive education]. Uralsk: West Kazakhstan University M. Utemisov. — P. 16-20. <https://pedfac.wku.edu.kz/images/2024/metodika/2020.pdf> (in Kazakh)

Fabio Dovigo. (2017) Special Educational Needs and Inclusive Practices: University of Bergamo, Italy: SensePublishers Rotterdam. Volume 33. — P. 10-13. file:///C:/Users/USER/Downloads/special-educational-needs-and-inclusive-practices/ComplimentaryCopy.pdf. (in English)

Fuch Eckhardt., Otto Marcus., Yu Simiao. Background paper prepared for the (2020) Global education monitoring report: Inclusion and education. — P. 14-16. <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000373718> (in English)

Guzeva N.Yu. (2015) Tsennostno-orientirovannoye obuchenie: metodologiya I praktika [Value-oriented learning: methodology and practice]. Ul,yanovsk: Zebra. —98 p. (in Russian)

Kamalova N. (2019) Kazaktyn oshpes kundylgy. [The Indelible Value of the Kazakh.]. Almaty: Evero. — P. 11-14. (in Kazakh)

Levshunova Zh.A., Basalayeva N.V., Kazakova T.V. (2017) Inklyuzivnoye obrazovaniye [Inclusive education]. Krasnoyarsk: Sibirckiy federal,nyy universitet. — P. 6-7 [https://inklyuzivnoe\\_obrazovanie\\_uchebnoe\\_posobie\\_2017.pdf](https://inklyuzivnoe_obrazovanie_uchebnoe_posobie_2017.pdf) (in Russian)

Ospanbayeva M.P. (2019) Inylusivti bilim berudin mazmuny men adistemezy [Content and methodology of inclusive education]. Almaty. — P. 45-49. (in Kazakh)

Pliasa, S., Kartasidou, L., Fachantidis, N (2022) Higher Education Students' Training Toward Inclusion; Virtual Reality Introduces Socially Assistive Robots Technologies for Digital Inclusion. In: Daniela, L. (eds) Inclusive Digital Education. Educational Communications and Technology: Issues and Innovations. Springer, Cham. [https://doi.org/10.1007/978-3-031-14775-3\\_15](https://doi.org/10.1007/978-3-031-14775-3_15) (in English)

Toybazarova N.A. (2019) Interaktivti okity technologyasi. [Interactive learning technology]. Nur-Sultan: Turan-Astana University baspasy. — 89 p. (in Kazakh)

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

**[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)**

**ISSN 2518–1467 (Online),**

**ISSN 1991–3494 (Print)**

**<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>**

Managing Editor: A.Shormakova

Editors: D.S. Alenov, M.Konyrbekov

Computer layout: G.D. Zhadyranova

Подписано в печать 27.04.2026.

46,0 п.л.

Заказ 2.